

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ РОЛІ

Саулебек Н.А.

з.ғ.к., аға оқытушы

Қазтұтынуодагының Қарағанды Экономикалық Университетінің

Мемлекеттің экономикалық мүддесін қарауда аймақтық мүддеге көшу еліміз үшін өз нәтижесін берері сөзсіз. Өйткені, қазақстандық қоғамды әлеуметтік-экономикалық дамытуда, экономикалық реформалауды іске асыруда және нарықтық қатынастарды қалыптастыруда аумақтардың рөлін көтеру қағидатты сипаттағы бірқатар сұрақтарға жауап беру үшін кәсіби талдауды қажет етеді.

Бұл жағдай аяқталып бітпесе де, меншікке шек қою нәтижесінде олар экономикалық қатынастардың өзегін құрайтын меншіктік қатынастардың толық ауқымды субъектісі болып алды.

Сондықтан өңірлер сапалы дербес экономикалық мүдделерді алып жүруші болып табылады. Яғни олардың аясында және одан тыс нарықтық экономикасы қалыптасып келе жатқан қоғамға тән басқа да мүдделер де әрекет етеді.

Экономикалық әдебиетте қажеттіліктер мен мүдделердің өзара байланысын түсіндірудің біртұтас көзқарасы әлі күнге дейін жоқ. Бірқатар зерттеушілер мүдделерді қажеттіліктердің мақсатты функциясы [1, 22 б] немесе саналы қажеттіліктер көрінісі деп есептейді [2, 12 б].

Бірінші жағдайда қажеттіліктер мен мүдделердің айырмашылығын мойындай отырып, қоғамның материалдық өмірінің жағдайына жеке жеке сипаттама берген. Мұнда қажеттіліктер өндіріске пәрмен беріп қана қоймай, оның өнімі де болып табылады. Ал, мүдделер тек қана өндірісті дамытудың алғы шарты болып қызмет етеді. Өндірістің қорғаушы факторы ретінде қажеттіліктер мен мүдделердің функциональдық рөлі де әртүрлі, олар осы көзқарасқа сай мүдделер олардың жекелеген субъектілері немесе топтары қозғалысын көрсете отырып мақсатқа бейімдейді, ал қажеттіліктер сол субъектілердің материалдық өңірінің жағдайын сипаттайды. Мұндай тәсілдің тартымдылығы мен өнімділігіне қарамастан, онда мүдделер мен қажеттіліктердің себеп-салдарына байланысы реттеледі. Ал адам мен қоғам өздерінің экономикалық мүдделеріне сай қайсыбір қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін әрекет ететіндігі белгілі. Осыдан қажеттіліктер мен мүдделер арасындағы себеп-салдарлық байланыс айқындалады, сол арқылы біріншісі екіншісінің материалдық негізі болады.

Екінші көзқарас қажеттіліктер мен экономикалық мүдделерді белгілі теңестіруге әкеледі, сонда осы екі категория да өндіріспен және тұтынушымен берік байланыста. Бұған қоса, бұл тәсіл экономикалық мүдделерді субъективті категориялар қатарына жатқызуға негіз береді, өйткені қажеттілікті мүдделермен теңестіре отырып, ол қоғамдық

құрылымының әр деңгейінде мүдденің болуы қажеттіліктің сапалылығы немесе сапасыздығына тәуелді етеді.

Іс жүзінде, саналы қажеттілік осы қызметтің мақсатына айнала отырып экономикалық қатынастардың әр субъектісінің қызметін негіздейді, «мүдде» және «қажеттілік» категорияларын бір бірінен айнымайтындай етеді, олардың арасындағы айырмашылық субъективті фактор – қажеттіліктерді сезінуге ғана әкеп соғады. Мұндай тәсілде экономикалық мүдделердің табиғаты туралы мәселені шешу осалдау болады деген ой келеді.

Сонымен бірге көптеген зерттеушілер экономикалық мүдделер мен қажеттіліктердің объективті түрдегі қатынастардың өзара байланысы деген көзқарасты ұстанады, ол осы қатынастардың түрі субъектілерінің қызметі барысында пайда болады [3, 132 б]. Бірақ қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында өндіріс, бөлініс, айырбас және тұтыну үрдісінде адам қызметінің өзара тәуелді субъектілерін қосу ғана қайсыбір экономикалық мүдделері тудырады. Сөйтіп, экономикалық мүдделер субъектілердің қажеттіліктері мен олардың өндірістік және басқа қоғамдық практикасы арасындағы жанама буын ретінде болады [4, 69 б], яғни әлеуметтік және тарихи себептің қажеттілігі болып табылады. Өз кезегінде, қажеттіліктер экономикалық мүдделердің материалдық негізін құрайды, өйткені мүдде сезіну фактісінен емес, қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағдарланған нақты әрекеттер үрдісінде туады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Республика Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында Қазақстан халқына арнаған «Болашақтың іргесін бірге қалайық» атты Жолдауында, қылмыстық заңды ізгілендіру арқылы еліміздің сот, құқық қорғау жүйесінің әлемдік стандарттар межесіне көтеру мақсат-міндеттері тұрғандығын айқындап берді. Сондықтан да, сыбайлас жемқорлық экономикалық мүдденің дамуына қауіп-қатер жасайтын бірден-бір аса қауіпті қылмыстық бірі болып табылады.

Қазіргі отандық әдебиеттерде: «Сыбайлас жемқорлық - (латын тілінен «согитіо» - пара беріп сатып алу, құқық бұзу, құлдырау деген мағынаны білдіреді) деп қоғамдық және саяси қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың сатқындығын, оларды сатып алуды, яғни саяси, экономикалық, әскери және тағы басқа да салалардағы қызметкерлердің қолындағы билігінің мүмкіндіктерін және қызмет бабын жеке басын байыту мақсатында пайдалануын айтады».

Сөйтіп, айтылғандарды қорыта келе, сыбайлас жемқорлық - бұл екі жақ арасындағы «мәміле» деп тұжырымдауға болады, оның бірі – өз лауазымдық өкілеттігін заңға қарсы пайдаланатын мемлекеттік немесе жеке қызметте жұмыс істейтін тұлға, екіншісі – мемлекеттік немесе жеке құрылымды өз басының пайдасы, яғни материалдық жағдайын көтеру, артықшылық алу, заңда көзделген жауапкершіліктен таю тағы үшін пайдаланатын адам. Осындай құбылыс екі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін:

1. мемлекеттік қызметшінің өзі алдына келген адамды пара, сыйақы беруге мәжбүрлейді.

2. белгілі бір адам, бұл ұйымдасқан қылмыс өкілі болуы мүмкін, мемлекеттік қызметшіге көп жағдайда психологиялық қысым көрсетіп, оны «сатып алу» мақсатында пара, сыйақы алуға итермелейді.

Сыбайлас жемқорлықтың түрлері мен типологиясын қарастыру үшін, сыбайлас жемқорлық субъектілерінің қызметтік бабын өз басының пайдасына пайдалануына, пара беруші мен пара алаушының мәртебесіне, пара берушінің өзіне алған пайдасына, пара берудің мақсатына, сыбайлас жемқорлықтың таратылуы және жиілігіне қарай келесі жіктелімге назар аударалық.

Сыбайлас жемқорлық қарым-қатынастарының типологиясы

Сыбайлас жемқорлық типологиясының өлшемдері

Сыбайлас жемқорлықтың түрлері

Қызметтік бабын өз басының пайдасына пайдаланушы субъект

Мемлекеттік сыбайлас жемқорлық

Коммерциялық сыбайлас жемқорлық

Саяси сыбайлас жемқорлық

Сыбайлас жемқорлықтық қарым-қатынастың бастамашысы

Мекемені басқарушы тұлға алдына келген адамды пара беруге мәжбүрлейді.

Көмек сұрап келген адамның өзі пара ұсынады.

Пара беруші субъект Жеке адам парасы (кез келген азамат)

Кәсіпкерлік пара (нақты фирмалар)

Қылмыстық пара (ұйымдасқан қылмыс өкілдері, мысалы, есірткі таратушылар)

Параның түрі Ақшалай пара; Қызмет көрсету

Пара берушінің пара беру мақсаты Тездету үшін пара беру (пара алған адам бір істі жедел орындауы тиіс)

Тежеу үшін пара беру (пара алған адам бір істің орындалуын тоқтатуы тиіс, сөйтіп өз қызметтік міндеттерін бұзады)

«Жылы көзбен қарау» үшін берілетін пара (пара алған адам қызмет бабында белгілі бір тұлғаның «тырнақ астынан кір іздей бермеуі тиіс»)

Сыбайлас жемқорлықтық қылмыстың себептік-кешендік факторлары: сыбайлас жемқорлық мәселесін зерттеген кезде мынадай сауал туындайды: сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері қандай және осы құбылыс неліктен осындай түрде жүзеге асады. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептерін зерттеу барысында бірқатар қиындықтарға тап боламыз. Кейде бір фактіні сыбайлас жемқорлықтың себептері ме әлде салдары ма екенін анықтау да қиындық туғызады. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері жүйеленіп, мынадай жіктелім ұсынылады: әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырылған, құқықтық себептер, сондай-ақ мәдени-этикалық сипаттағы факторлар. Осы себептердің әрқайсысына тоқталайық.

Құқықтық сипаттағы факторлар. Сыбайлас жемқорлық - бұл әлеуметтік жауыздық, біріншіден мемлекетке үлкен қаржылық нұқсан келтіреді, екіншіден мемлекеттік биліктің беделіне залал келтіреді, үшіншіден қоғам

мен мемлекет билігінің өкілеттіктерін моральдік түрде құлатады. Мемлекеттік аппараттың тиімсіз ұйымдастырылуының салдарынан қоғамда құқықтық реттеудің кемшіліктері де орын алуы ықтимал. Құқықтық реттеудің кемшіліктеріне кейбір елдердің заңнамасында сыбайлас жемқорлық сипатындағы мәмілелер жасасқаны үшін қылмыстық жауапқа тарту және жазалау жүйесінің болмауы, мемлекеттік қызметті өтеу жөніндегі нақты ережелер мен регламенттің жоқтығы жатады. Ал бұндай жағдай ұйымдасқан қылмыспен астасып жатқан кәсіпкерліктің және биліктің тығыз байланыста жұмыс істеуіне өте тиімді. Осыған орай фаворитизм, протекционизм, лоббизм өркендеуде. Сонымен қатар непотизм мен саяси демеушілік те кең тараған. Сыбайлас жемқорлық қалыпты нормаға айналады. Ал бұл – құқық қорғау органдарының, көп жағдайда осы органдардың өзі де сыбайлас жемқорлыққа малынған, біріншіден, институционалды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге күші жетпейді, екіншіден құқық қорғау органдарын сыбайлас жемқорлық субъектілері өз заңдарына бағындырады. Қылмыс жасағандардың басым көпшілігі жазаға тартылмағандықтан, қылмыстық істерін одан әрі жалғастыра береді. Көп жағдайда сот жүйесі сыбайлас жемқорлық субъектісіне қатысты өз бетінше және тәуелсіз шешім шығара алмайды. Тәуелсіз құрылымдар енгізілген бірқатар елдер (АҚШ-та тәуелсіз прокурор, Гонгконгта, Сингапурде, Малайзияда, Тайванда тәуелсіз комиссия) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ісінде нақты жетістіктерге қол жеткізді. Бұндай мекемені құру кезінде билік пен мүлік, саясат пен ақша мәселесі жүйелі шешімін табуы керек.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V ҚРЗ 4-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарына:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган өзіне жүктелген функцияларды орындау кезінде [5]:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды адамдардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпарат пен материалдарды сұратады;

2) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, оларды жою бойынша заңнамалық тәртіппен белгіленген шараларды қабылдайды;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу тәртібін айқындайды;

4) Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі өз өкілеттіктері шегінде:

1) сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша жедел-іздігі және тергеу қызметінің практикасына, сотқа дейінгі тергеп-тексеруге талдау жүргізуге;

2) іс жүргізудегі қылмыстық істер бойынша шақырту бойынша келуден жалтарған адамдарды күштеп әкелуге;

3) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес, құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қоюға немесе алуды жүргізуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалануға;

5) мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және оларда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен, мән-жайларды немесе заңды басқа да бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсынулар енгізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар, салықтық және басқа да тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап етуге

7) сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіруге, жедел-іздістіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындауға, оның тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеуге және іске асыруға;

8) өзіне жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құруға және пайдалануға, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында зерттеуді, заңнамада белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді ұйымдастыруға;

9) ұстап алынған және күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүруге;

10) Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

Алайда 2014 жылдың 18 қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) жабылып, оның орнына жаңадан ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы және ҚР ҚМ Мемлекеттік кіріс комитеті ашылды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің) аумақтық органдары туралы ережесіне [5] сәйкес аталмыш органның сыбайлас жемқорлықпен күресу қызметінде әдеуір өзгерістер енгізілген, яғни:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 1 бұйрығымен нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 12838 бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) туралы ереженің 20-бабының 5) тармақшасына сәйкес,

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Ақмола облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу мәселелері бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, осы Ережеге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

Департамент республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауымен мөрі және мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары бар.

Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Департаменттің, егер заңнамаға сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы бола алады.

Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

Департаменттің міндеттері:

1) жеке және заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу.

Департаменттің функциялары:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ өз құзыреті шегінде құқықтық актілерді қабылдау;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық баяндаманы дайындауға қатысу;

3) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу және қарау;

4) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, оның ішінде алдын ала тергеу, анықтау және хаттамалық нысанда жүргізу;

5) қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) жедел-ізвестіру қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру;

7) жария емес тергеу әрекеттерін, жалпы және арнайы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында арнайы және басқа техникалық құралдарды қолдану;

8) Департаментке бөлінген бюджеттік қаржат шегінде, жедел-іздестіру қызметін қаржылық және материалдық-техникалық жабдықтау;

9) тергеуден, анықтаудан немесе соттан жасырынып жүрген іздеудегі адамдардың тұратын жерін анықтау және ұстау;

10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және қылмыстар бойынша жедел-іздестіру, әкімшілік, тергеу қызметі тәжірибесіне талдау жүргізу;

11) сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүлікті және әдетте, қылмыстық жолмен табылған қаражатқа алынған мүлікті мемлекеттің кірісіне айналдыру туралы ақпаратты кейін жариялаумен іске асыруға мониторингті жүзеге асыру;

12) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау және алдын алу тұрғысынан әлеуметтік-экономикалық саланың криминогендік жағдайын талдау;

13) басқа құқық қорғау және арнаулы органдардан, оның ішінде шет мемлекеттердің құзыретті органдарынан келіп түскен өтініштерді және сұрау салуларды орындау;

14) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу мәселелері бойынша ұйымдармен, өзге де мемлекеттік органдарымен өз құзыреті шегінде өзара іс-қимыл жасау;

15) ақпараттық қауіпсіздік саясатты іске асыру, Департаменттің техникалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жетілдіру;

16) тергеу-жедел қызмет мәселелері бойынша Департаментке жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді пайдалану;

17) Департаменттің әкімшілік ғимараттарын қорғау режимін және өткізу режимін қамтамасыз ету;

18) Департаменттің қаруландыруында тұрған қарулардың, оқ-дәрілердің, арнайы құралдардың сақталуын есепке алу және бақылау;

19) бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған кезде Департаменттің жұмысының тұрақтылығын арттыру, жұмылдыруды даярлау;

20) мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету және құпиялық режимін сақтау;

21) Департаменттің жеке құрамының арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Митрохин С.С. «Политика государства и ценности общества» политические исследования. - 1997. - №1. с. 10-12.

2. Бэттлер А. Национальные интересы, национальная и международная безопасность // Полис. - 2002. - №4. с- 10-12.

3. Закон РК О национальной безопасности Республики Казахстан» от 26 июля 1998 года (с изменениями от 28 апреля 2000 года). // Егемен Казахстан . 2000. – 28 апреля. С. – 8.

4. Манилов В.Л. Безопасность в эпоху партнерства, М.: Тера, 1999. с – 25.

5. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V ҚРЗ. www.әділет.kz

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы туралы» № 1 бұйрығы. www.anticorruption.kz